

20.05.2025 ж. № 61-02-01/256
Сауда-саттықты өткізу жөніндегі
Комиссия отырысының хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

Жылжымалы мүлікті сату бойынша АУКЦИОНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Аукционның жалпы ережелері мен шарттары

1.1. Осы тәртіп Директорлар кеңесінің 03.12.2024 ж. № 18 шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес бекітілген «Үлбі металлургия зауыты» АҚ жылжымалы мүлкін өткізудің қолданыстағы Қағидаларын орындау үшін әзірленді.

Осы Тәртіппен көзделмеген барлық жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

1.2. Аукционды ұйымдастырушы:

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы.

ШҚО Әділет департаменті Өскемен қаласының Әділет басқармасында 26.10.2004 ж. № 1725-1917-01-АО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, БСН 941040000097. Заңды мекенжайы: 070005, Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102.

1.3. «Үлбі металлургия зауыты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – Ұйымдастырушы) жылжымалы мүлікті өткізу бойынша ағылшын әдісі бойынша (бағаны көтеру шарттарында) аукцион нысанында сауда-саттықты ұйымдастырады және өткізеді. Аукцион қатысушылардың құрамы және ұсыныстар беру нысаны бойынша ашық.

Жылжымалы мүлік 44 лоттарымен өткізіледі (бұдан әрі – Сату объектісі).

1.4. Сауда-саттық шарттары сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссия отырысының 2024 жылғы 20.05.2025 № 61-02-01/256 Хаттамасымен айқындалған:

Ағылшын әдісі бойынша аукцион нысанындағы ашық сауда-саттық түрі (бағаны көтеруге);

Ашық сауда-саттықты өткізу күні **11.07.2025 ж. сағат 14-00-де;**

Аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі **04.06.2025 ж. сағат 16-00-ге дейін**, мына мекенжай бойынша: Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102, 499-корпус, 104/3 кабинет (ғимаратта «Қазпошта» АҚ бөлімшесі, «Қазақстан Халық банкі» АҚ филиалы орналасқан);

Ашық сауда-саттықты өткізу орны: **Өскемен қ., Абай д-лы, 102, 500-корпус, оқу орталығы.**

Сауда-саттыққа қойылатындар:

Лот тың №	Номенклатурал ық нөмір	САП Номенклатуралық нөмір	Атауы	Өлш.бір л.	Мөлшері	Бірлік үшін бастапқы баға, ҚҚС- сыз теңге	Стартовая стоимость объекта, теңге без НДС	Нысанның бастапқы бағасынан 5% бағаның өсу қадамы, теңге	Кепілдік жарна объектінің бастапқы құнынан 5%, теңге
1	440083	241300020250	Ультрадыбыстық Генератор УЗГЗ-4	шт.	1,000	415 833,60	415 833,60	20 791,68	20 791,68
2	15838	241300001076	ПЕШ СНО-6.12.4/10	шт.	1,000	167 000,16	167 000,16	8 350,01	8 350,01
3	420030	243000003130	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
4	420031	243000003131	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
5	420033	243000003133	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
6	420034	243000003134	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
7	420035	243000003135	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
8	420036	243000003136	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
9	420037	243000003137	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
10	420038	243000003138	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
11	420039	243000003139	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
12	420041	243000003141	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
13	420042	243000003142	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
14	420043	243000003143	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
15	420044	243000003144	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
16	420045	243000003145	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
17	420046	243000003146	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
18	420048	243000003148	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
19	420049	243000003149	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	50 400,00	50 400,00	2 520,00	2 520,00
20	161970	241300007682	РАДИОМЕТР- РЕНТГЕНОМЕТР ДП-5В	шт	1,000	3 530,88	3 530,88	176,54	176,54
21	161759	241300007605	АСПАП П-201-2	шт	1,000	522,96	522,96	26,15	26,15
22	162160	241300007748	ТАРАЗЫ ВЛКТ-500	шт	1,000	299,36	299,36	14,97	14,97
23	476818	241300026661	Термоэлектрлік түрлендіргіш ТП-0195/2 ХА(К), -40...1250С, ұзындығы 1250мм	шт	1,000	4 990,00	4 990,00	249,50	249,50
24	476819	241300026662	Термоэлектрлік түрлендіргіш ТП-0195/2 ХА(К), -40...1250С,	шт	1,000	4 990,00	4 990,00	249,50	249,50

			ұзындығы 1250мм						
25	440082	241300020249	Ультрадыбыстық Генератор УЗГЗ-4	шт.	1,000	415 833,60	415 833,60	20 791,68	20 791,68
26	110100	241300005449	ТЕХНИКАЛЫҚ ТАРАЗЫ.ВЛКТ-2кг	шт	1,000	139,68	139,68	6,98	6,98
27	160963	241300007330	ДИНАМОМЕТР ДОС-5	шт	1,000	83,36	83,36	4,17	4,17
28	476820	241300026663	Термоэлектрлік түрлендіргіш ТП-0195/2 ХА(К), -40...1250С, ұзындығы 1250мм	шт	1,000	4 990,00	4 990,00	249,50	249,50
29	481841	241900000493	ПРИНТЕР HP LJ 1150	шт	1,000	1 416,67	1 416,67	70,83	70,83
30	481842	241900000494	ПРИНТЕР HP LJ 1150	шт	1,000	1 416,67	1 416,67	70,83	70,83
31	481843	241900000495	ПРИНТЕР HP LJ 1150	шт	1,000	1 416,67	1 416,67	70,83	70,83
32	482914	241900000895	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	3 833,33	3 833,33	191,67	191,67
33	482915	241900000896	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	3 833,33	3 833,33	191,67	191,67
34	482917	241900000898	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	3 833,33	3 833,33	191,67	191,67
35	482918	241900000899	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	3 833,33	3 833,33	191,67	191,67
36	483431	241900001212	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	1 583,33	1 583,33	79,17	79,17
37	483433	241900001214	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	1 583,33	1 583,33	79,17	79,17
38	483434	241900001215	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	1 583,33	1 583,33	79,17	79,17
39	483436	241900001216	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	1 583,33	1 583,33	79,17	79,17
40	147777	241300006815	ӨМБЕБАП СТАНОК.ФРЕЗЕР.6725В	шт.	1,000	59 280,00	59 280,00	2 964,00	2 964,00
41	162238	241300007775	ЭЛ/ҮШҚЫН СТАНОГЫ А207-92	шт.	1,000	693 056,00	693 056,00	34 652,80	34 652,80
42	145709	241300006240	ЖОНУ СТАНОГЫ.630*2800 1М63	шт.	1,000	124 800,00	124 800,00	6 240,00	6 240,00
43	411694	241300013974	АБРАЗИВТІ КЕСУ СТАНОГЫ 8Г240	шт.	1,000	412 776,00	412 776,00	20 638,80	20 638,80

44	146302	241300006287	Үстел-бұрғылау станогы 2М112	шт.	1,000	47 814,00	47 814,00	2 390,70	2 390,70
----	--------	--------------	---------------------------------	-----	-------	-----------	-----------	----------	----------

1.5. Сатып алу-сату шартының үлгілік талаптары Шарттың жобасымен белгіленеді (№4 қосымша).

1.6. Аукцион жеңімпазын таңдау критерийі аукцион нысанындағы сауда-саттық объектісі үшін ең жоғары баға болып табылады.

1.7. Ұйымдастырушы аукцион өткізу туралы хабарламаны облыстық маңызы бар БАҚ-тың бірінде алғашқы ақпараттық хабарлама шыққан сәттен бастап аукцион өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын жариялайды.

БАҚ-тағы ақпараттық хабарламада: қысқаша сипаттамасы бар сауда-саттық нысанасы, сауда-саттықты өткізу күні, сауда-саттықты өткізу орны, анықтама үшін телефон болуы тиіс.

2. Анықтамалар

2.1. Ұйымдастырушы/аукционды ұйымдастырушы/Қоғам – «Үлбі металлургия зауыты» акционерлік қоғамы.

2.2. Сату объектісі/Объект – Қоғамға тиесілі жылжымалы мүлік.

2.3. Аукцион - белгіленген қағидалар мен рәсімдер бойынша жария түрде өткізілетін сауда-саттық нысаны, онда Қоғам аукцион затын ол үшін ең жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді.

2.4. Сауда-саттықтың ағылшын әдісі-бұл ең жоғары бағаны ұсынған бір қатысушы қалғанға дейін бастапқы баға алдын-ала жарияланған қадаммен көтерілетін сауда әдісі.

2.5. Аукционшы – аукционды жүргізетін Қоғамның жұмыскері.

2.6. Үміткер-аукционға қатысу үшін атынан өтінім берілген заңды және/немесе жеке тұлға;

2.7. Аукционға қатысушы-аукционға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Үміткер ретінде тіркелген және сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия сауда-саттыққа жіберген заңды және/немесе жеке тұлға.

2.8. Бастапқы баға - әрбір сату Объектісі бойынша сауда-саттық басталатын баға.

2.9. Ең төменгі баға - сату Объектісі сатылмайтын бағадан төмен баға

2.10. Кепілдік жарна-сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушының төлем қабілеттілігіне кепілдік беретін ақшалай жарна.

2.11. Сату бағасы-сауда-саттық нәтижесінде ұсынылған сату Объектісінің соңғы бағасы. Сату бағасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартында тіркеледі.

2.12. Сату бағасы-сауда-саттық нәтижесінде ұсынылған сату Объектісінің соңғы бағасы. Сату бағасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартында тіркеледі.

2.13. Сатып алушы - сатып алу-сату шартында тарап ретінде әрекет ететін сату Объектісін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға.

2.14. Сауда - саттықты өткізу жөніндегі комиссия - сауда-саттықты өткізетін Қоғам жұмыскерлерінің қатарынан құрылған комиссия.

3. Аукционға қатысушыларға қойылатын талаптар

3.1. Осы Тәртіптің 3.2-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, меншіктің ұйымдық-құқықтық нысанына, орналасқан жеріне, сондай-ақ капиталдың шыққан жеріне қарамастан кез келген жеке тұлға немесе заңды тұлға аукционға қатысушы бола алады.

3.2. Сауда-саттыққа қатысуға өтінім қаралған күні заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер аукционға қатысушылар бола алмайды:

– сот шешімімен банкрот деп танылған және оларға қатысты конкурстық іс жүргізу қозғалған;

- жою процесіндегілер;
- қызметі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне не резидент елдің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрғандар;
- аукцион Ұйымдастырушылары алдында қарызы барлар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы сату Объектісін өткізу шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар.

Сонымен қатар, аукционға қатысушылар бола алмайды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы Объектіні іске асырудың шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

- сауда-саттықты ұйымдастырушылар;

- сатып алу-сату шартын жасасу және орындау бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған Қоғам Объектілерін сату бойынша алдыңғы сауда-саттықтардың жеңімпаздары. Бұл жағдайда сауда-саттыққа рұқсат сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша берілуі мүмкін.

- Қоғамның лауазымды тұлғалары, сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссия мүшелері, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың жұмыскерлері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

3.3. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия үміткердің аукцион нысанында ашық сауда-саттыққа қатысуына жол бермеу мақсатында осы Тәртіптің 3.2-тармағында көрсетілген негіздердің болу фактісі анықталған жағдайда, оны өткізудің кез келген кезеңінде үміткерді аукционға қатысудан шеттетуге құқылы.

4. Аукционға қатысу шарттары

4.1. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін аукционға қатысуға ниет білдірген тұлғаға (бұдан әрі - Үміткер):

4.1.1. Осы Тәртіптің 6.3-тармағында көрсетілген деректемелер бойынша кепілдік жарна ретінде **04.06.2025 ж. сағат 16-00-ге** дейін ақшалай қаражат енгізу.

4.1.2. Ұйымдастырушының хатшысына аукцион нысанындағы сауда-саттықты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзім ішінде Үміткер немесе оның өкілетті өкілі қол қойған белгіленген нысан бойынша өтінім (№ 1-қосымша), сондай-ақ Тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын (№ 2- қосымша) ұсыну.

4.2. Үміткер аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысуға бір өтінімнен артық өтінім бере алмайды.

4.3. Өтінімді Ұйымдастырушы құжаттар жиынтығымен қабылдайды. Құжаттар жиынтығынсыз келіп түскен өтінімдер Үміткерлерге (немесе олардың өкілдеріне) қолхатпен қайтарылады. Өтінімде қабылдаудан бас тарту туралы белгі қойылады.

4.4. Құжаттар топтамасы бар Өтінім Үміткермен не оның өкілетті өкілімен қол қойылған 2 (екі) данада Үміткермен жасалады. Даналардың бірі Ұйымдастырушыда, екіншісі Үміткерде қалады.

4.5. Оған қоса берілген құжаттары бар өтінімді Ұйымдастырушының хатшысы әрбір өтінімге нөмір бере отырып және өтінім мен құжаттарды қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.

4.6. Аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау 070005, Өскемен қаласы, «ҮМЗ» АҚ, Абай даңғылы, 102, 500- корпус, 417 кабинет мекенжайы бойынша **04.06.2025 ж. сағат 16-00-ге дейін** «Аукционға қатысу үшін» деген белгімен жүзеге асырылады.

4.7. Құжаттарды толық ұсынбау немесе осы Тәртіппен белгіленген нысандар мен өзге де талаптардан ауытқуы бар құжаттарды ұсыну, сондай-ақ ұсынылған құжаттарда Үміткер туралы

анық емес мәліметтердің болуы осы Тәртіптің талаптары мен шарттарын елеулі түрде бұзу болып саналады және өтінімді қабылдамау үшін негіз болады.

4.8. Құжаттар топтамасы бар өтінімді ұйымдастырушының хатшысына үміткер жеке өзі немесе оның өкілі, немесе үміткердің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз пошта арқылы ұсынылады.

Құжаттарды осы Тәртіппен белгіленген нысандар мен өзге де талаптарға сәйкестігіне салыстырып тексеруді сауда-саттық өткізу жөніндегі Комиссияның хатшысы жүргізеді.

4.9. Ұйымдастырушы Үміткерден аукционға қатысуға өтінім алғаннан кейін Комиссия хатшысы Үміткерді осы Тәртіппен таныстыруды қамтамасыз етеді, ол оны сақтау бойынша міндеттемелерді жазбаша қабылдайды.

4.10. Ұйымдастырушының аукцион нысанындағы сауда-саттық рәсімін тоқтатуға және **11.06.2025 жылғы сағат 14-00-ден кешіктірмей** барлық өтінімдерден бас тартуға құқығы бар. Көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде аукционды Ұйымдастырушы барлық Үміткерлерге тиісті хабарламалар жібереді, аукционнан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Үміткерлерге кепілдік жарна қайтарылады.

4.11. Аукцион нысанында ашық сауда-саттыққа қатысуға өтінім құрамында ұсынылған құжаттар Үміткерге қайтарылмайды.

5. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді өзгерту және кері қайтарып алу

5.1. Үміткер аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысуға өзінің өтінімін өзгертуге немесе кері қайтарып алуға құқылы. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімді өзгерту немесе оны кері қайтарып алу туралы хабарлама, егер мұндай өзгеріс немесе осындай хабарлама аукцион нысанындағы сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияға келіп түскен болса, жарамды болып есептеледі.

5.2. Өтінімді өзгерту оны толық ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

Өтінімді өзгерту үшін өтінім берген Үміткер не оның өкілі өтінімді және жаңа өтінімді алғаны туралы қолхаттың түпнұсқасын қоса бере отырып, өтінімді өзгерту туралы өтінішпен өтініш берушінің жазбаша өтінішін комиссияға ұсынуы тиіс.

Жаңа өтінімді осы Тәртіптің 4.5-тармағының шарттарына сәйкес сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияның хатшысы тіркейді.

Ауыстыруға жататын өтінімде сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссияның хатшысы «Қараудан алынды» деген жазу жасайды.

5.3. Өтінімді кері қайтарып алу үшін өтінім берген Үміткер не оның өкілі өтінімді тіркеу туралы белгісі бар өтінімді кері қайтарып алуды сұрап, Үміткердің жазбаша өтінішін ұсынуы тиіс.

Үміткер кері қайтарып алған өтінімде Комиссия хатшысы «Қараудан алынды» деген жазу жасайды.

Аукционды ұйымдастырушы осы Тәртіпке сәйкес өтінімді кері қайтарып алған Үміткерге кепілдік жарнаны Үміткердің деректемелерін көрсете отырып, кепілдік жарнаны қайтару туралы Үміткердің өтініші негізінде аукционды Ұйымдастырушыға аукционға қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

6. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

6.1. Үміткер өз өтінімінің құрамында сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна ретінде ақшалай қаражаттың енгізілгенін растайтын құжаттарды ұсынады. Кепілдік жарнаны Үміткер осы Тәртіптің 6.3-тармақшасында көрсетілген есеп айырысу шотына өтінімдерді қабылдау аяқталған күн мен уақыттан кешіктірмей аударуы тиіс.

6.2. Сатып алу-сату шартын жасасу жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге енгізілетін кепілдік жарна осы Тәртіптің 1.4-тармағына сәйкес белгіленеді және:

Лот тың №	Номенклатурал ық нөмір	САП Номенклатуралық нөмір	Атауы	Өлш.бір л.	Мөлшері	Кепілдік жарна объектінің бастапқы құнынан 5%, теңге
1	440083	241300020250	Ультрадыбыстық Генератор УЗГЗ-4	шт.	1,000	20 791,68
2	15838	241300001076	ПЕШ СНО-6.12.4/10	шт.	1,000	8 350,01
3	420030	243000003130	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
4	420031	243000003131	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
5	420033	243000003133	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
6	420034	243000003134	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
7	420035	243000003135	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
8	420036	243000003136	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
9	420037	243000003137	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
10	420038	243000003138	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
11	420039	243000003139	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
12	420041	243000003141	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
13	420042	243000003142	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
14	420043	243000003143	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
15	420044	243000003144	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
16	420045	243000003145	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
17	420046	243000003146	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
18	420048	243000003148	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
19	420049	243000003149	Аргонға арналған баллон	шт.	1,000	2 520,00
20	161970	241300007682	РАДИОМЕТР- РЕНТГЕНОМЕТР ДП-5В	шт	1,000	176,54
21	161759	241300007605	АСПАП П-201-2	шт	1,000	26,15
22	162160	241300007748	ТАРАЗЫ ВЛКТ-500	шт	1,000	14,97
23	476818	241300026661	Термоэлектрлік түрлендіргіш ТП-0195/2 ХА(К), -40...1250С, ұзындығы 1250мм	шт	1,000	249,50
24	476819	241300026662	Термоэлектрлік түрлендіргіш ТП-0195/2 ХА(К), -40...1250С, ұзындығы 1250мм	шт	1,000	249,50
25	440082	241300020249	Ультрадыбыстық Генератор УЗГЗ-4	шт.	1,000	20 791,68
26	110100	241300005449	ТЕХНИКАЛЫҚ ТАРАЗЫ.ВЛКТ-2кг	шт	1,000	6,98
27	160963	241300007330	ДИНАМОМЕТР ДОС-5	шт	1,000	4,17
28	476820	241300026663	Термоэлектрлік түрлендіргіш ТП-0195/2 ХА(К), -40...1250С, ұзындығы 1250мм	шт	1,000	249,50
29	481841	241900000493	ПРИНТЕР HP LJ 1150	шт	1,000	70,83
30	481842	241900000494	ПРИНТЕР HP LJ 1150	шт	1,000	70,83
31	481843	241900000495	ПРИНТЕР HP LJ 1150	шт	1,000	70,83
32	482914	241900000895	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	191,67
33	482915	241900000896	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	191,67

34	482917	241900000898	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	191,67
35	482918	241900000899	Принтер HP Laser Jet 1160/1200dpi /19ppm/16MB/LFT+USB	шт	1,000	191,67
36	483431	241900001212	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	79,17
37	483433	241900001214	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	79,17
38	483434	241900001215	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	79,17
39	483436	241900001216	Монитор 19" LCD Samsung SM193P/SM940N	шт	1,000	79,17
40	147777	241300006815	ӘМБЕБАП СТАНОК.ФРЕЗЕР.6725B	шт.	1,000	2 964,00
41	162238	241300007775	ЭЛ/ҰШҚЫН СТАНОГЫ A207-92	шт.	1,000	34 652,80
42	145709	241300006240	ЖОНУ СТАНОГЫ.630*2800 1M63	шт.	1,000	6 240,00
43	411694	241300013974	АБРАЗИВТІ КЕСУ СТАНОГЫ 8Г240	шт.	1,000	20 638,80
44	146302	241300006287	Үстел-бұрғылау станогы 2M112	шт.	1,000	2 390,70

6.3. Өтінімді қамтамасыз ету ретінде ақша қаражатын аудару үшін деректемелер:

ЖСК KZ 756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ШҚ ОФ БСК HSBK KZ KX, БСН 941040000097, КБе 17, КНП 171. Төлем мақсаты: «Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна _____(сауда-саттық күнін көрсету) Лот(тар) № _____».

6.4. Талап етілетін құжаттар топтамасынсыз ұсынылған өтінім осы Тәртіптің талаптары мен шарттарын елеулі түрде бұзу болып саналады, бұл сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қабылданбауына әкеп соғады.

6.5. Аукционды ұйымдастырушы сатып алу-сату шартын жасасудан жалтарған жағдайда, кепілдік жарна ретінде енгізілген ақшалай қаражатты аукцион жеңімпазына қайтармайды.

6.6. Аукционды Ұйымдастырушы аукцион нәтижелері туралы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде сату Объектісі бағасының номиналы бойынша соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушыны қоспағанда, аукционға қатысқан, бірақ жеңімпаз атанбаған Үміткерлерге кепілдік жарнаны қайтаруға міндетті.

Егер осы Тәртіпке сәйкес Комиссия сату Объектісінің бағасы туралы соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушымен сатып алу-сату шартын жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайда, аталған аукционға қатысушы шарт жасасудан жалтарған кезде осындай қатысушы енгізген кепілдік жарна қайтарылмайды.

6.7. Сатып алу-сату шартына қол қойған аукцион Жеңімпазына кепілдік жарна қайтарылмайды, бірақ Жеңімпаздың Ұйымдастырушымен түпкілікті есеп айырысуы кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

6.8. Егер қатысушы аукционға қатыспаған немесе сауда-саттық басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен аз уақыт бұрын аукционға қатысудан бас тартқан жағдайда кепілдік жарна қайтарылмайды.

6.9. Аукционды Ұйымдастырушы осы Тәртіптің 6.10-тармағының шарттарына сәйкес аукционға қатысуға өтінімдерді қарау хаттамасына қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аукционға қатысуға жіберілмеген Үміткерге кепілдік жарнаны қайтаруға міндетті.

6.10. Кепілдік жарна Үміткердің деректемелерін көрсете отырып, кепілдік жарнаны қайтару туралы Үміткердің өтініші негізінде аукционның/аукционға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері туралы Хаттамаға сәйкес қайтарылады.

7. Өтінім беруші компанияның қорытындыларды шығаруы

7.1. Өтінімдерді қабылдау тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде (яғни **10.06.2025 ж. сағат 16-00-ге** дейінгі мерзімде) сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия Үміткерлердің өтінімдері мен құжаттарын аукцион туралы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды, Үміткерлерден тиісті шоттан үзінді көшірме негізінде кепілдік жарналардың түсу фактісін белгілейді. Өтінімдер мен құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Комиссия үміткерлерді аукционға қатысушылар деп тану немесе Үміткерлерді аукционға қатысуға жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7.2. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Комиссияның Үміткерлерді аукционға қатысушылар деп тану туралы шешімі отырысқа қатысып отырған сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссияның барлық мүшелері қол қоятын аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасымен ресімделеді. Үміткер аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасы ресімделген сәттен бастап аукционға қатысушы мәртебесіне ие болады. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасында Үміткерлердің есімдері (атаулары) көрсетілген қабылданған өтінімдердің тізбесі, кері қайтарып алынған өтінімдердің тізбесі, аукционға қатысушылар деп танылған Үміткерлердің есімдері (атаулары), сондай-ақ бас тарту негіздері көрсетіле отырып, аукционға қатысуға рұқсат беруден бас тартылған Үміткерлердің есімдері (атаулары) келтіріледі.

7.3. Аукционға жіберілген қатысушы аукцион басталғанға дейін 1 (бір) сағат бұрын қол қойғыза отырып, аукциондық нөмірді алады. Егер өкілдің өкілеттігі тиісті түрде куәландырылған болса, аукциондық нөмірді жеке өзі де, өкіл де пайдалана алады.

8. Аукционды өткізу шарттары мен тәртібі

8.1. Аукционға тек аукционға қатысушылар деп танылған Үміткерлер қатыса алады. Аукционды ұйымдастырушы аукционға қатысушыларға аукционға тікелей немесе өз өкілдері арқылы қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

8.2. Аукцион аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген күні, уақытында және орнында аукциондық Комиссия мүшелерінің және аукционға қатысушылардың (олардың өкілдерінің) қатысуымен өткізіледі.

8.3. Аукцион Аукционшының оны өткізу қағидаларын, сату нысанасын, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын, бағаны өзгерту қадамын және сату Объектісін өткізу әдісін жариялауынан басталады.

8.4. Аукционшы сату Объектісінің бастапқы бағасын және бағаның өсу қадамын жариялайды. Нөмірді көтеру арқылы аукционға қатысушылар бағаны белгіленген кадамға көтеріп, жоғары баға ұсынады. Бұл ретте Аукционшы аукционға қатысушылардың аукционға қатысушыларын (аукциондық нөмірлерін) әр жолы жариялайды, бағаны бекітеді және оны тағы бір кадамға көтереді. Сауда-саттық ең жоғары ұсынылған бағаға ұсынылғанға дейін жүреді.

8.5. Сатылатын сату Объектісі үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны Аукционшы жариялайды. Аукционшы сату Объектісінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және балғамен соғылған басқа көтерілген аукциондық нөмірлер болмаған кезде осы сату Объектісінің сатылғаны туралы хабарлайды.

8.6. Жылжымалы мүлік Объектісі бойынша сауда-саттық, егер кем дегенде бір қатысушы бастапқы бағаны бағаның өзгеруінің кемінде бір қадамына көтерген жағдайда ғана өткізілді деп есептеледі.

8.7. Егер оған объектінің ең төменгі бағасын бағаны өзгертудің кемінде бір қадамына көтерген кем дегенде бір қатысушы қатысса, Аукцион өткізілді деп танылады.

8.8. Аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы Хаттамамен ресімделеді, оған сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия, Аукционшы және жеңімпаз үш жұмыс күні ішінде қол қояды. Аукцион нәтижелері туралы Хаттаманың көшірмесі жазбаша сұрау салу келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде аукцион жеңімпазына жіберіледі.

8.9. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия, егер оның отырысына сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

8.10. Аукцион нәтижелері туралы Хаттама аукцион нәтижелерін және Жеңімпаз бен Ұйымдастырушының объектіні сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартын жасасу міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Аукцион нәтижелері туралы Хаттамада келесілер көрсетіледі:

- 1) аукцион өткізілетін күн мен орын;
- 2) аукционға Қатысушылардың тізбесі;
- 3) аукцион өткізу әдісі;
- 4) Қоғам туралы мәліметтер;
- 5) сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия мүшелері туралы мәліметтер;
- 6) сату Объектісінің атауы;
- 7) бастапқы баға;
- 8) бағаны өзгерту қадамы;
- 9) Объект сатылған сату бағасы.
- 10) жеңімпаз туралы мәліметтер (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, аукцион жеңімпазының толық атауы);
- 11) Тараптар сатып алу-сату шартын жасасуға міндеттенетін мерзімді қоса алғанда, сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі Тараптардың міндеттемелері және сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқаны үшін жеңімпаздың жауапкершілігі;
- 12) хаттама аукцион жеңімпазы мен Қоғам арасындағы алдын ала шарт болып табылатыны туралы ереже;
- 13) Егер сатып алу-сату шарты аукцион нәтижелері туралы хаттамада көрсетілген мерзімдерде аукцион жеңімпазының кінәсінен жасалмаса, Комиссия жеңімпаздан кейін ең жақсы шарттарды ұсынған қатысушыны аукцион жеңімпазы деп тануға құқылы;
- 14) жеңімпазды қоспағанда, аукционға қатысушыларға кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім (қатысушының атауын және қайтарылуға жататын кепілдік жарнаның сомасын көрсете отырып);
- 15) жеңімпазбен сатып алу-сату шартын дайындау үшін елеулі маңызы бар басқа да талаптар (олар болған жағдайда).

9. Сатып алу-сату шартын жасасу тәртібі

9.1. Аукцион нәтижелері туралы хаттама Жеңімпаздың жылжымалы мүлікті (сату объектісін) сатып алу-сату шартын жасасу құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

9.2. Сауда-саттықтың жеңімпазы жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукционды Ұйымдастырушыға № 3-қосымшаға сәйкес құжаттар жиынтығын ұсынады.

9.3. Аукционды Ұйымдастырушы аукцион нәтижелері туралы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукцион Жеңімпазына сатып алу-сату шартының жобасын (№ 4-қосымша) ілеспе хатпен береді. Аталған жобаға аукцион Жеңімпазы жобаны алған күннен бастап 10 (он күндік) мерзімде қол қояды және аукционды Ұйымдастырушыға ұсынылады.

9.4. Аукцион Жеңімпазы сауда-саттық объектісін сатып алу-сату шартына белгіленген мерзімде қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда Ұйымдастырушы сату Объектісінің

бағасы туралы соңғы ұсыныс жасаған аукционға Қатысушыға сатып алу-сату шартын жасасуды ұсынуға құқылы. Комиссия осындай аукционға қатысушыға осындай аукционға қатысушы ұсынған талаптарды қамтитын сатып алу-сату шартының жобасын жібереді. Шарттың көрсетілген жобасына сауда-саттық объектісі бағасының номиналы бойынша соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушы жобаны алған күннен бастап 10 (он күндік) мерзімде қол қояды және аукционды Ұйымдастырушыға ұсынылады.

9.5. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жылжымалы мүлікті өткізу бойынша айналымдарға қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын қоспағанда, ҚҚС салынады.

Қосымша:

1. № 1-қосымша «Аукционға қатысуға өтінім» 2 парақта;
2. № 2-қосымша «Үміткер аукционға қатысуға өтініммен бірге ұсынатын құжаттардың тізбесі» 1 парақта;
3. № 3-қосымша «Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін Жеңімпаз ұсынатын құжаттардың тізбесі» 2 парақта;
4. № 4-қосымша «Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартының жобасы» 13 парақта.

ӨТІНІМ

Объектіні сату бойынша аукционға/тендерге қатысуға _____ сату объектісінің лот нөмірі көрсетіледі

1. Объектіні сату туралы жарияланған хабарламаны қарап, және сату ережелерімен танысқаннан кейін,

Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің Т. А. Ә.

«__» ____ 20 __ жылы өткізілетін аукционға/тендерге қатысқысы келеді, мекенжайы:

2. Мен (біз) «Үлбі металлургия зауыты» АҚ жылжымалы мүлкін өткізу қағидаларымен таныстым (таныстық) және осы Қағидалардың барлық талаптарын сақтау бойынша міндеттеме қабылдаймыз.

Мен (біз) аукционға/тендерге қатысушы ретінде тіркелуге жатпайтынын білемін (білеміз):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы Объектіні сату шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

2) сатып алу-сату шартын жасасу және орындау бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған Объектіні сату бойынша алдыңғы сауда-саттықтардың жеңімпаздары;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары, сауда-саттық өткізу жөніндегі Комиссия мүшелері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкессіздігім анықталған жағдайда, мен (біз) сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен), аукцион/тендер нәтижелері туралы мен (біз) қол қойған хаттамамен және сатып алу-сату шартымен жарамсыз деп танылатынымен келісемін.

4. Егер мен (біз) аукцион/тендер жеңімпазы (жеңімпаздары) болып айқындалсам (айқындалсақ), аукцион/тендер нәтижелері туралы хаттамаға белгіленген мерзімде үш жұмыс күні ішінде қол қою міндеттемелерін қабылдаймын(-з) және аукцион/тендер өткізілген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қоямын(-з).

5. Осы өтінім аукцион/тендер нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарттың күшіне ие болады.

6. Өзім(-із) туралы мәліметтерді ұсынамын(-з):

Заңды тұлға үшін:

Атауы:

БСН: _____

Басшының Т.А.Ә.: _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі _____

Электрондық пошта _____

ЖСК _____

БСК _____

Банк атауы

Кбе _____

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә.:

ЖСН:

Жеке тұлғаны растайтын құжат:

Мекенжайы:

Телефон нөмірі:

Электрондық пошта

ЖСК

БСК

Банк атауы

Кбе _____

_____ қолы

_____ Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің Т. А. Ә.

«___» _____ 20 __ ж.

М.О.

Қабылданды «___» _____ 20 __ ж. _____ сағат _____ мин.

_____ қолы

_____ Өтінімді қабылдаған тұлғаның Т. А. Ә.

Үміткер аукционға қатысуға өтініммен бірге ұсынатын құжаттардың ТІЗБЕСІ

1) заңды тұлғалар үшін:

– Директор лауазымына тағайындау туралы Құрылтайшының шешімі немесе бұйрықтың көшірмесі;

– бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН), бірінші басшының тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

– қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы Куәліктің көшірмесі;

– кепілдік жарнаны қайтару үшін банктен банктік шоттың бар екендігін растайтын анықтаманың көшірмесі;

– кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;

– заңды тұлға өкілінің өкілеттігін куәландыратын сенімхат (егер саудасаттыққа заңды тұлғаның өкілі қатысатын болса);

– директордың не заңды тұлға өкілінің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;

– Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиялар;

–

2) Жеке кәсіпкерлер үшін:

– жеке кәсіпкердің немесе оның өкілінің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

– кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;

– ағымдағы шоттың бар-жоғын растайтын банктен анықтама;

– қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы Куәліктің көшірмесі;

– жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама;

– Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиялар;

3) Жеке тұлғалар үшін:

– жеке тұлғаның төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- ағымдағы шоттың бар-жоғын растайтын банктен анықтама.

**Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін Жеңімпаз
ұсынатын құжаттардың тізбесі**

1) заңды тұлғалар үшін:

- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі (барлық енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен);

- құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын Жарғыдан немесе құрылтай құжаттарынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;

- сауда-саттық өткізілетін күнге дейін бір айдан кешіктірілмей берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;

- банктік шоттың бар-жоғын растайтын банктен алынған анықтаманың түпнұсқасы. Банктен алынған банктік (ағымдағы) шоттың бар екенін растайтын анықтаманың түпнұсқасы қайтарылмайды;

